При не предоставлении документа, подтверждающего дату приобретения изделия, срок гарантии исчисляется с даты изготовления изделия.

Дата изготовления указана на паспортной идентификационной табличке, находящейся на задней стенке изделия.


Сізге POLARIS сауда маркасының өнімін таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз.

Біздің өнімдеріміз сапалық, функционалдықтың және дизайнының жоғары сапалығына сәйкес жасалған. Сіз біздің фирмамыздың жаңа өнімін сатып алғаныңызға риза болатыныңызға сенімдіміз.

Аспапты пайдалануды бастар алдында Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпараты бар осы нұсқаулықты, сондай-ақ аспапты дұрыс пайдалану және оны күту жөніндегі ұсыныстарды мұқият және толықтай оқып шығыңыз.

Нұсқаулықты кепілдік талонымен, кассалық чекпен, мүмкіндігінше, картон қораппен және орауыш материалмен бірге сақтап қойыңыз.

Назар аударыңыз: осы нұсқаулықтағы маңызды сақтық шаралары мен нұсқаулар желдеткішті пайдалану кезінде туындауы мүмкін болатын барлық жағдайлар мен жағдаяттарды қамтымайды. Бұйым құрылымында онымен жұмыс істейтін тұлғалардың парасатты пайымы, сақтығы мен назары сияқты факторларды бұрын болжау мүмкін емес екенін ескеру керек. Мұндай факторлардың сақталуын жабдықты пайдалану кезінде осы тұлғалар өздері қамтамасыз етуі керек.



МАЗМҰНЫ

Жалпы ақпарат	32
Қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқаулар	32
Қауіпсіздік бойынша арнайы нұсқаулар	34
Бөлшектерге шолу және атаулары	35
Жиынтықтама	36
Дисплейдің және басқарудың сенсорлық панелінің схемасы	36
ҚБ пульті	37
Аспапты жинау	38
Аспапты пайдалану	39
Функциялардың қосымша сипаттамасы	40
WIFI қосылуын баптау	45
NFC көмегімен қосылу	45
IOS, Android ОЖ бар мобильді құрылғылар үшін	47
WIFI қосылуына қатысты мәселелер мен оларды жою тәсілдердің сипаттамасы	51
Ақаулықтар және оларды жою	52
Техникалық қызмет көрсету және тазалау	53
Сақтау/тасымалдау/өткізу/кәдеге жарату	54
Техникалық сипаттамалары	54
Сертификаттау туралы ақпарат	55
Кепілдікті міндеттемелер	56

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Пайдалану жөніндегі осы нұсқаулық POLARIS моделі **PSF 3315 WIFI IQ Home** едендік желдеткіштің (бұдан әрі мәтін бойынша – аспап) техникалық деректерімен, құрылымымен, пайдалану және сақтау ережелерімен танысуға арналған.

ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

- Аспапты пайдалану «Тұтынушылардың электр қондырғыларды техникалық пайдалану ережелеріне» сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Аспап тек қана тұрмыста пайдалануға арналған.
- Аспап тек мақсаты бойынша пайдаланылуы тиіс.
- Аспапты 40 °C-ден жоғары температурада пайдалану ұсынылмайды.
- Аспапты іске қосар алдында, әркез оны тексеріп шығыңыз. Аспаптың және желілік баусымы зақымданған жағдайда, аспапты розеткаға қоспаңыз.
- Аспап құлағаннан кейін, зақымданудың көзге көрінетін белгілері бар болса, оны пайдалануға болмайды. Пайдаланар алдында аспапты білікті маман тексеруі керек.
- Жұмыс істеп тұрған аспапты қараусыз қалдырмаңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Аспапты ванналар, шұңғылшалар немесе сумен толтырылған басқа ыдыстар маңында пайдаланбаңыз.


- Ешбір жағдайда аспапты суға немесе басқа да сұйықтықтарға батырмаңыз.
- Аспапты тек қана айнымалы ток (~) көзіне қосыңыз. Қосар алдында аспапты желіде қолданылатын кернеуге арналған екеніне көз жеткізіңіз.
- Кез келген қате қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.
- Стандартты емес қуат көздерін немесе іске қосу құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- Аспапты желіге қосу алдында ол сөндірулі күйде екеніне көз жеткізіңіз.
- Аспапты үй-жайдан тыс пайдаланбаңыз. Аспапты ыстықтан, тікелей күн сәулесінен, өткір бұрыштарға соғылудан, ылғалдылықтан сақтаңыз (еш жағдайда аспапты суға батырмаңыз). Аспапқа ылғал қолыңызды тигізбеңіз. Аспап суланған жағдайда оны лезде желіден ажыратып қойыңыз.



Аспапты сыртқы төтенше әсерлерге ұшыратпаңыз



Аспапқа дымқыл қолыңызды тигізбеңіз!



Аспапты тұрақсыз беттерге қоймаңыз!






Ешбір жағдайда құралды суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз

- Аспап суға түскен жағдайда, оны тез арада желіден өшіріңіз. Бұл ретте қолдарыңызды ешқашан суға батырмаңыз. Қайта пайдаланар алдында, аспапты білікті маман тексеруі керек.
- Пайдалану аяқталған кезде, аспап сынғанда немесе тазалау кезінде, оны әрқашан желіден ажыратыңыз.
- Бұл аспап физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары бар адамдарға (балаларды қоса алғанда) немесе тәжірибе мен білімнің жетіспеушілігіне, мұндай адамдарға олардың қауіпсіздігіне жауапты адамның осы құралды пайдалануына қатысты қадағалау жүзеге асырылатын немесе оларға нұсқау берілетін жағдайларды қоспағанда, пайдалануға арналмаған.
- Аспаппен ойнауға жол бермеу үшін, балаларды қадағалау қажет.
- Аспапты желілік баусымынан ұстап тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ аспапты желілік баусымынан ұстап, оны желіден ажыратуға тыйым салынады. Аспапты желіден ажыратқанда, оны ашлық айырынан ұстаңыз.
- Аспапты тегіс, тұрақты бетке орнатыңыз.
- Жинақтың құрамына кірмейтін қосымша аксессуарларды пайдалану сізді кепілдік құқығыңыздан айырады.
- Пайдаланудан кейін ешқашанда да электрлік қуат көзі желісін құралды айналдырып орамаңыз, себебі уақыт өте келе сымның сынуына әкелуі мүмкін.
- Сымдарды ауыстыруды тек қана білікті мамандар - сервис орталығының қызметкерлері іске асыра алады. Біліксіз жөндеу пайдаланушы үшін тікелей қауіп төндіреді.
- Аспапқа өз бетінше жөндеу жүргізбеңіз. Жөндеуді тек қана сервистік орталықтың білікті мамандар жүргізуі тиіс.
- Аспапты жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылуы мүмкін.
- Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге шығарып тастамаңыз. Аспапты одан әрі кәдеге жарату үшін, мамандырылған пунктке тапсырыңыз. Сіз осылай қоршаған ортаны қорғауға көмектесе аласыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Кез келген сипаттағы ақаулықтар пайда болғанда, POLARIS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз.



ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША АРНАЙЫ НҰСҚАУЛАР

- Ешбір жағдайда саусақтарыңызды немесе басқа заттарды қорғаныш торға кіргізбеңіз.
- Ұзын шашқа абайлаңыз: ауа ағыны оны аспапқа сорып алуы мүмкін.
- Аспапты тек қана жабық тормен қосуға рұқсат етіледі.
- Қорғаныш қорғауды алып тастар алдында аспап қуат желісінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны толық құрастырғаннан кейін ғана желіге қосуға рұқсат етіледі.
- Аспапты ашық терезеге тікелей жақындықта орнатпаңыз, өйткені жаңбырдың тамшылары аспапқа түсіп, тұйықталуды тудыруы немесе электр тогынан зақымдану қауіпін тудыруы мүмкін.
- Желдеткішті жинар және орнатар алдында желілік баусым желіге қосылмағанына көз жеткізіңіз.
- Электр қуат баусымын кілемді жабынның астынан өткізбеңіз. Баусымды кілемдермен, кілем төсеніштермен және т. б. жаппаңыз. Электрқорек баусымын ол адамдардың өтуіне кедергі келтірмейтін жерлерде жайғастырыңыз.
- Желдеткіш торын қандай да болса заттармен жабуға тыйым салынады.
- Штепсельдік айыр розеткаға тірелгенше кіргізілуі керек. Розеткалардың пайдалану барысындағы тозуына назар аударыңыз. Розетканы артық қызу белгілеріне, ал желдеткіш ашасын деформациясының болмауына мерзімді түрде тексеріңіз. Электр аспаптарды ақаулы розеткаға қоспаңыз; оны ауыстыру немесе жөндеу үшін маманға жүгініңіз.
- Желдеткіш элементтері арасында кетіруіңіз үшін шаңсорғыш керек болатын полистиролдың немесе басқа қаптау материалдардың қалдығы жоқ екенін тексеріңіз.



Саусақтарыңызды немесе басқа заттарды қорғаныш торына салмаңыз



Желдеткіш торының үстін жаппаңыз!!!



Қаптама материалының қалдықтарын тексеріңіз! Алып тастау үшін шаңсорғышты пайдаланыңыз




Аспапты бөлшектенген күйінде қоспаңыз!!!

ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫ

- Аспап тек осы пайдалану нұсқаулығына сәйкес тұрғын үйдің температурасы мен ылғалдылығында тұрмыстық пайдалануға арналған.
- Аспап тек мақсаты бойынша пайдаланылуы тиіс.

БӨЛШЕКТЕРГЕ ШОЛУ ЖӘНЕ АТАУЛАРЫ

Аспап үй-жайда ауаның қосымша айналымы үшін пайдаланылады.




Қашықтан басқарудың ИҚ-пульті



ИҚ-сигнал қабылдағыш

Білте шам (LED-жарықтандыру, 2 жарық деңгейі)



Жылжымалы тірек*

Биіктік реттегіші




Тіректің бекіткіш сомыны

* бұдан әрі - «телескопиялық тірек»


ЖИЫНТЫҚТАМА

- | | |
|--|---------|
| ▪ Жинақталған тірек (тартылатын тірек, тіреу-негіз, бекітетін гайка) | 1 дана. |
| ▪ Электр қозғалтқыш блогы және басқару блогы құрастырылған | 1 дана. |
| ▪ Негіз | 1 дана. |
| ▪ Артқы қорғаныш қапсырмасы | 1 дана. |
| ▪ Алдыңғы қорғаныш қапсырмасы | 1 дана. |
| ▪ Артқы қорғаныш қаптамасы бекітпесінің сомыны | 1 дана. |
| ▪ Қалақтар | 1 дана. |
| ▪ Қалақтарды бекіту сомыны | 1 дана. |
| ▪ Пайдалану жөніндегі нұсқаулық | 1 дана. |
| ▪ ҚБ пульті | 1 дана. |
| ▪ Кепілдік талоны | 1 дана. |

ДИСПЛЕЙ СХЕМАСЫ ЖӘНЕ БАСҚАРУДЫҢ СЕНСОРЛЫҚ ПАНЕЛІ



ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУДЫҢ ПУЛТЫ



ТҮЙМЕ	МӘНІ
	Аспапты іске қосу/өшіру
	Таймер орнату (макс. 9 сағат)
	Қосу/өшіру 3D үрлеу
	Жылдамдықты ұлғайту/азайту
	Желдеткіш еңісін қосу/өшіру түймесі (макс. 120 градусқа)
	Желдеткіш бұрылуын қосу/өшіру түймесі (макс. 100 градусқа)
	Білте шамды қосу/өшіру
	Желдеткіштің қосымша жұмыс режимдерін таңдау түймесі (түймені 4-ші рет басқан кезде, құрылғы таймер параметрлеріне өтеді)

ҚБ пультіндегі батареяны ауыстыру

- Тілшікке басып және бөлікті алып шығып, төмендегі суретте көрсетілгендей, батареялық бөлікті шешіп алыңыз.
- Ескі батареяны алып шығыңыз.
- Жаңа батареяға ауыстырыңыз. Полярлық сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Батареялық бөлікті кері орнатыңыз.



- Тілшікке басып, бөлікті алып шығыңыз
- Ескі батареяны алып шығыңыз және жаңаға ауыстырыңыз



ЕСКЕРТПЕ. Осы Пайдаланудағы суреттер мен иллюстрациялар таныстыру мақсаттарында келтірілген және бұйымның нақты сыртқы көрінісінен ерекшеленуі мүмкін. Аспаптың құрастырылымы, корпусының түсі және техникалық сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

АСПАПТЫ ЖИНАУ



АБАЙЛАҢЫЗ! ЖЕЛДЕТКІШТІҢ ҚУАТ КӨЗІНЕ ҚОСЫЛМАҒАНЫНА КӨЗ ЖЕТКІЗІҢІЗ !

- Телескопиялық тіректі негізге кіргізіңіз. Тіректі бекіткіш сомынның көмегімен бекітіңіз (оны негіздің төменгі бөлігімен бұрап бекітіңіз).
- Электр қозғалтқышының блогын телескопиялық тірекке басқанша салыңыз
- Егер қорғау қапсырмасы өндіруші зауытпен жиналған күйде жеткізілетін болса, оны бөлшектеңіз. Қажет болса, алдыңғы және артқы қорғаныш қаптама бекітпесінің бұраншегесін бұрап шығарыңыз. Қаптаманың бір бөлігін, екіншісіне қатысты, солға қарай, бір бөліктің шығыңқылары қорғаныш қаптаманың екінші бөлігіндегі ілінісуден шығатындай етіп бұраңыз.
- Артқы қорғаныш қаптаманы электр қозғалтқыштың блогына орнатыңыз, қаптама тесіктері электр қозғалтқыш блогындағы шығынқылармен үйлесуін қадағалаңыз.
- Қаптаманы бекітпе сомынымен бекітіңіз.
- Қалақтарды электр қозғалтқыштың білігіне орнатыңыз. Пышақтардың артындағы ойықтар біліктегі шығыңқы жерлерге сәйкес келуі керек.
- Пышақтарды бекіту сомынымен бекітіңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: қалақтарды бекіту сомының сол жақ бұрандасы бар. Бұрап бекіту үшін солға бұру керек (бұрап шығару үшін оны тиісінше – оңға бұру керек).

- Қалақтар еркін қозғалуына және қорғаныш қаптамаға тимейтіндеріне көз жеткізіңіз.
- Алдыңғы және артқы қорғау қапсырмасының кертпелері мен шығыңқыларын қиыстырыңыз.
- Алдыңғы қаптаманы оңға қарай (сағат тілшігі бағытымен) бекіту нүктесіне дейін бұраңыз.
- Қаптамаларды бұрағышпен өздігінен бұрап тұратын бұрандамен бекітіңіз (жеткізілім пакетіне кірмеуі мүмкін).
- Қуат баусымын бір жағымен желдеткіш негізіне, ал екіншісімен электр желісіне қосыңыз.







АСПАПТЫ ПАЙДАЛАНУ

- Құрылғыны қатты тегіс бетке орналастырыңыз.
- Қалақтары бар электр қозғалтқышы блогының биіктігін телескопиялық тіреуішпен реттеңіз.
- Аспапты розеткаға қосыңыз.
- Қуат берілгеннен кейін бірден электр қозғалтқышының блогы кеңістіктегі позицияны автоматты түрде калибрлей бастайды.
- Аспапты сөндіру үшін Қосу/Өшіру түймесін басыңыз. Аспап күту режиміне көшеді. Дисплейде ағымдағы ішкі температура, WiFi белгішесі (Егер аспап қолданбаға қосылған болса) және белгішелер жарықтандырылған.



НАЗАР АУДАРТАМЫЗ!

Құрылғыны пайдалану аяқталғаннан кейін 10 минуттан кейін ол күту режимінен ұйқы режиміне өтеді, яғни WIFI белгішесінен басқа дисплейдегі барлық белгішелер автоматты түрде сөнеді (Егер құрылғы қолданбаға қосылған болса).



МАҢЫЗДЫ! Желдеткішті 24 сағаттан артық қосулы қалдыру ұсынылмайды.


ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ ҚОСЫМША СИПАТТАМАСЫ

ҚОСУ/ӨШІРУ ТҮЙМЕСІ

- Желдеткішті қосу үшін Қосу/Өшіру  түймесін басыңыз.
- Желдеткішті сөндіру үшін оны тағы бір рет басыңыз.
- Балаларды қорғау режимін (Child lock) қосу үшін қозғалтқыш блогындағы берілген сенсорлық түймені шамамен 2 секунд басып тұрыңыз. Бұл режимде түймелер басуға жауап бермейді. Бұл режимді өшіру үшін түймені шамамен 2 секунд басып тұрыңыз.


ЖЫЛДАМДЫҚТЫ АУЫСТЫРЫП-ҚОСУ

- Желдеткіш жылдамдығын 1-ден 12-ға дейін ауыстырып-қосу үшін осы түймені басыңыз.
- Қашықтан басқару пультіндегі «+» немесе «-» түймелерін басу да жылдамдықтарды ауыстырып-қосуға мүмкіндік береді.

1	2	3	4
ҚОСУ	ӨШІРУ	Child Lock	ЖЫЛДАМДЫҚ
			
Басыңыз	Тағы бір рет басыңыз	≈2 сек ұстап тұрыңыз	
Қосу үшін басыңыз	Өшіру үшін Қосу/Өшіру түймесін қайта басыңыз	Балалардан қорғауды қосу үшін – Қосу/Өшіру түймесін ≈2 сек. басып тұрыңыз. 1 дыбыстық сигнал беріледі	Жылдамдықты ауыстыру үшін (1-12) түймені басыңыз 

ҚБ пульті

5



ҚБ пультіндегі «+» немесе «-» түймелерін басу да жылдамдықтарды ауыстырып-қосуға мүмкіндік береді.

ЖЕЛДЕТКІШ БҰРЫЛУЫН ҚОСУ/ӨШІРУ ☺

- Блоктың көлденең автоматты айналу мүмкіндігін 60 градусқа қосу үшін осы түймені 1 рет басыңыз (белгіше көк түспен жанады).
- Блокты 120 градусқа көлденең автоматты айналдыру мүмкіндігін қосу үшін осы түймені 2 рет басыңыз (белгіше қызыл болып жанады).
- Бұл функцияны өшіру үшін түймені 3 рет басыңыз.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Электр қозғалтқыш блогының қолмен бұруға жоламаңыз, бұл кіріктірілген басқару механизмін зақымдауы мүмкін.


ЖЕЛДЕТКІШ ЕҢІСІН ҚОСУ ☺

- 60 градустық қалақтары бар электр қозғалтқышының тігінен автоматты түрде еңкейту мүмкіндігін қосу үшін, осы түймені 1 рет басыңыз (белгіше көк түспен жанады).
- 100 градус қалақтары бар электр қозғалтқышының көлденең автоматты айналу мүмкіндігін қосу үшін, осы түймені 2 рет басыңыз (белгіше қызыл болып жанады).
- Бұл функцияны өшіру үшін түймені 3 рет басыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Электр қозғалтқыш блогын қолмен еңкейтпеңіз, бұл кіріктірілген басқару механизмін зақымдауы мүмкін.





3D ҮРЛЕУ

- ҚБ пультіндегі түймені басыңыз.
- Желдеткіш максималды айналымдарда үрлеу режимін қосады (белгішелер дисплейде қызыл түспен жанады)
- Дәл осындай мүмкіндікті басқару тақтасы арқылы қосуға болады. Мұны істеу үшін алдымен бұрылу функциясын, содан кейін көлбеу функциясын (немесе керісінше) қосу керек.
- Түймелерді 1 рет басу арқылы (индикаторлар көк түспен жанады) желдеткіш көлденеңінен 60 градусқа бұрылып, тігінен 120 градусқа еңкейеді.
- Түймелерді 2 рет басу арқылы (олар ерік қызыл түспен жанады), желдеткіш көлденеңінен 100 градусқа бұрылып, тігінен 100 градусқа еңкейеді.
- Әр түрлі бұрылу және еңкейту режимдерін біріктіруге болады.



ЖАРЫҚТЫ ҚОСУ/ӨШІРУ, «БІЛТЕ ШАМ» ФУНКЦИЯСЫ

Кіріктірілген жарықтандыру 2 жарықтық деңгейіне ие.


- Құрылғыға орнатылған жарықтандыруды қосу немесе өшіру үшін осы сенсорлық түймені басыңыз.
- Желдеткіш сөндірілген кезде, қозғалтқыш блогындағы берілген сенсорлық түймені шамамен 3 секунд басып тұрыңыз. Бұл жағдайда артқы жарық қосылады және желдеткіш корпусы көлденең күйде болады («Білте шам» режимі).
- Осы функцияны сөндіру үшін «ҚОС/СӨНД» сенсорлық батырмасын басыңыз, жарықтандыру сөнеді және қаптамасы бастапқы күйіне көшеді.



ЕСКЕРТУ! Оны бірінші рет қосқанда, корпусстың дұрыс орналасуын қамтамасыз ету үшін құрылғы калибрлеу процесін (автоматты түрде) бастайды.



Түнгі жарық режимінде желдеткіш корпусы дұрыс емес күйде болса (еденге перпендикуляр емес), онда сізге қайта калибрлеу қажет (атап айтқанда, құрылғыны өшіріп, қосыңыз және дұрыс калибрлеуді күтіңіз).



ТАБИҒИ БРИЗ РЕЖИМІ

Бриз режимінде желдеткіштің жылдамдығы автоматты түрде өзгеріп, табиғи желді имитациялайды.

ТҮНГІ РЕЖИМ

Осы режимді қосқанда үрлеу жылдамдығы әр 30 минут сайын 1 деңгейге ең төмен мәнге жеткенше төмендейтін болады.

ЕСО РЕЖИМІ

Желдеткіш төмендегі кестеге сәйкес жұмыс жылдамдығын өзгертеді:

Қоршаған ауа температурасы, °C	≤ 22	23~25	26~28	29~31	≥32
Үрлеу жылдамдығы	1	3	5	9	12



ЕСКЕРТПЕ: желдеткіш дисплейінде желдеткіштің орнатылған аймағындағы ағымдағы температура мен оның жұмыс жылдамдығы кезектесіп көрсетіледі. Желдеткішке салынған термометр дәл өлшеу құралы емес, сондықтан өлшеудің шамалы қателігіне жол беріледі.

AUTO РЕЖИМ

Бөлме температурасы + 23 °C-қа жеткенде, желдеткіш «ECO» жұмыс режимінде автоматты түрде жылдамдықпен қосылады (1-кестеге сәйкес).

Бөлме температурасы + 23 °C төмен түссе, желдеткіш те автоматты түрде өшеді.

ТАЙМЕРДІ ОРНАТУ



- Автоматты өшіру таймерін орнату үшін осы түймені басыңыз.
- Таймерді 1-ден 9 сағатқа дейін орнатуға болады.
- Белгіленген уақыт аяқталғаннан кейін құрылғы сөнеді.

КІРІКТІРІЛГЕН АККУМУЛЯТОР

Аспап негізі аккумулятормен жабдықталған

Құрылғы қуат баусымынан жұмыс істегенде, ол аккумуляторды зарядтау күйіне автоматты түрде ауысады.

Зарядтау кезінде жасыл индикатор  жыпылықтайды; аккумулятор толық зарядталғанда – үзіліссіз жанады.

Кіріктірілген аккумулятордан жұмыс істеу кезінде – ауа ағынының максималды жылдамдығы «09» режимімен шектелген, барлық басқа функциялар қалыпты режимде жұмыс істейді.

Аккумулятор заряды 30% тең немесе одан кем болса, индикаторы  қызыл түспен жыпылықтайды.

Егер аккумулятор заряды нөлде болса, құрылғы автоматты түрде сөнеді.

WIFI ҚОСЫЛУЫН БАПТАУ

Өзіңіздің мобильді құрылғыңызға (iOS немесе **Android** платформасында жұмыс істейтін смартфонда немесе планшетте) **App Store** немесе **Google Play**-де жүктеу үшін қолжетімді «POLARIS IQ HOME» тегін мобильді қосымшаны жүктеңіз және орнатыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Қосуды баптар алында Сіздің телефоныңыз үйдегі бар WIFI желісіне қосылғанына көз жеткізуді сұраймыз.

Үйдегі WIFI желісі болмаған жағдайда үй желісін құру (роутерді орнату және интернетті қосу) үшін мамандырылған компанияға жүгініңіз. Үйдегі желінің роутері 2,4 ГГц жиілікте жұмыс істеу керек, **желі режимі 802.11 b/g/n орнатылған болуы керек.**

NFC қосылыстың көмегімен қосылу

NFC модулімен смартфондардың соңғы модельдері жабдықталған, ол арнайы баптауларды және белсендіруді керек етпейді – телефонды басқа құрылғыға жақындату жеткілікті.

Жұмыс тәртібі:

1. «POLARIS IQ HOME» қосымшасын орнатқаннан кейін смартфонныңды тазартқыш панеліндегі «NFC» стикеріне жақындатыңыз
2. Смартфон экранында *Push-хабарландыру шығады, оған көшіңіз, келесі экранда смартфонды конфигурациялағыңыз келген желіні таңдап, сізге осы желінің құпиясөзін енгізу қажет болады.

*ЕГЕР PUSH-ХАБАРЛАНДЫРУ ШЫҚПАСА:

- a) Телефонды бұғаттан шығарыңыз
- b) Құрылғы мен смартфон арасындағы түйіндесуге ештеңе кедергі жасамайтынына (қалың тысқап, карталар және т. б.) көз жеткізіңіз
- c) Телефонды датчиктің жанында әртүрлі бұрыштап жылжытып көріңіз.

IOS операциялық жүйесі бар смартфон үшін қосылуды «Құрылғыны қосу» арқылы жүргізуге болады, әрі қарай «NFC» таңдап, содан кейін смартфонды конфигурациялағыңыз келген желіні таңдап, осы желінің құпиясөзін енгізу қажет.

3. Содан кейін қосылуды растау керек, бұл үшін смартфонныңды тағы бір рет тазартқыш панеліндегі «NFC» стикеріне жақындатыңыз.
4. Дайын, құрылғы қосылды

Құрылғы қосылған болса, осы құрылғыға басқа смартфонды қосу үшін оны жай ғана NFC датчигіне жақындатыңыз, бұдан кейін қосылу автоматты түрде орындалады.


- POLARIS IQ HOME қосымшасын ашыңыз.
- «Негізгі» экранында «Құрылғыны қосу» түймесін басыңыз.
- «Барлық құрылғылар» тізімінен тазартқышты (PSF 3315) таңдаңыз.



Смартфонды аспаптың фроналды панеліндегі «NFC» стикеріне әкеліңіз




Смартфон экранында *Push хабарлама пайда болады, сол бойынша өтіңіз



Құрылғыны конфигурациялауға арналған желіні таңдаңыз



Қосылуды растау үшін – телефонды қайталап NFC стикеріне жақындатыңыз



Конфигурация сәтті аяқталды







Рахаттана пайдаланыңыз!

Егер Push-хабарлама келмесе:

- I. Телефонды бұғаттан шығарыңыз
- II. Тысқапты шешіңіз (егер киілген болса)
- III. Телефонды NFC датчигінің жанында әртүрлі бұрыштан жылжытып көріңіз





ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ БАР МОБИЛЬДІ ҚҰРЫЛҒЫЛАР ҮШІН IOS и Android

- Смартфондағы WIFI баптауларды ашу үшін «WIFI баптауларды ашу» түймесін басыңыз.
- Смартфонды ылғалдандырғыш атауымен (PSF 3315) сәйкес келетін WIFI желісіне қосыңыз.
- Қосымшаға қайта оралыңыз.
- Келесі экранда Сізден Құрылғымен түйістіруді жүргізуді сұрайтын болады:
 - Құрылғы сөндірілгеніне көз жеткізіңіз. Желдеткіш корпусындағы жылдамдық батырмаға қысқа дыбыстық сигналға дейін қатарынан 2 рет басыңыз. Растау ретінде WIFI индикаторы сары түспен жанады.
 - Содан кейін қосымшада «Жалғастыру» түймесін басыңыз.
- Құрылғыны баптағыңыз келген WIFI желісінің атауы мен құпиясөзін көрсетіңіз және «Қосу» басыңыз.
- Конфигурациялау рәсімі аяқталғанша күте тұрыңыз.










БҰРЫН КОНФИГУРАЦИЯЛАНҒАН ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТҮЙІСТІРУ:

- «Үй» экраны: «Құрылғыны қосу» түймешігін басыңыз.
- «Желіде» тізімінен аспапты таңдаңыз (PSF 3315). Егер құрылғы желіде жоқ болса, құрылғы конфигурацияланған WiFi желісі Сізде іске қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Келесі экранда Сізден Құрылғымен түйістіруді жүргізуді сұрайтын болады:
 - Құрылғы сөндірілгеніне көз жеткізіңіз. Желдеткіш корпусындағы жылдамдық батырмаға қысқа дыбыстық сигналға дейін қатарынан 2 рет басыңыз. Растау ретінде WIFI индикаторы сары түспен жанады.
 - Содан кейін қосымшада «Жалғастыру» түймесін басыңыз.




ҚҰРЫЛҒЫНЫ БАСҚА WIFI ЖЕЛІГЕ ҚАЙТА КОНФИГУРАЦИЯЛАУ (ДИАГНОСТИКАЛАУ РЕЖИМІ):

- Құрылғы сөндірілгеніне көз жеткізіңіз. Желдеткіш корпусындағы жылдамдық батырмаға екі қысқа дыбыстық сигналға дейін қатарынан 3 рет басыңыз. Растау ретінде WIFI индикаторы сары түспен жанады.
- «Үй» экраны: «Құрылғыны қосу» батырмасын басыңыз.
- «Барлық құрылғылар» тізімінен желдеткішті (PSF 3315) таңдаңыз.
- Телефонда WIFI баптауларын ашу үшін «Баптауларды ашу» батырмасын басыңыз
- Телефонды желіге (PSF 3315) қосыңыз.
- Қосымшаға қайта оралыңыз
- Келесі экранда Сізден Құрылғымен түйістіруді жүргізуді сұрайтын болады:
 1. Құрылғы сөндірілгеніне көз жеткізіңіз. Желдеткіш корпусындағы жылдамдық батырмаға қысқа дыбыстық сигналға дейін қатарынан 2 рет басыңыз. Растау ретінде WIFI индикаторы сары түспен жанады.
 2. Содан кейін қосымшада «Жалғастыру» батырмасын басыңыз
- Ашылған экранда қалаған әрекетті таңдаңыз: «Конфигурацияны қалдыру және жалғастыру» - мұндай жағдайда аспап ағымдағы WIFI желісіне конфигурацияланған күйде қалады, бірақ Сіздің телефоныңыз оны ғаламтор желісі арқылы басқара алады, немесе «Құрылғыны қайта конфигурациялау» - мұндай жағдайда Сізге құрылғыны жаңа WIFI желісіне конфигурациялау ұсынылатын болады.
- Егер Сіз «құрылғыны қайта конфигурациялауды» таңдаған болсаңыз: құрылғыны баптағыңыз келетін WIFI желісінің атауы мен құпиясөзін енгізіп, «Қосу» батырмасын басыңыз.
- Конфигурация аяқталу процедурасын күтіңіз.



ЗАУЫТТЫҚ ОРНАТЫМДАРҒА ҚОСЫЛУДЫ ҚАЙТАРУ

- Құрылғы сөндірілгеніне көз жеткізіңіз.
- Желдеткіш корпусындағы жылдамдық батырмаға үш қысқа дыбыстық сигналға дейін қатарынан 4 рет басыңыз. Растау ретінде WIFI сөнеді



Ескерту ретінде!



Өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық, бұйым мен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді. **Осыған байланысты Сіз экранда көріп тұрғаныңыз осы Нұсқаулықта жазылғанынан ерекшеленуі мүмкін.**

ҚОСЫМШАНЫҢ ҚОСЫМША ФУНКЦИЯЛАРЫ





1. Желдеткішті қосу және өшіру түймесі.
2. Жұмыс режимін таңдау:
 - a) Стандартты режим – үрлеу жылдамдығын 1-ден 12-ге дейін реттеу мүмкіндігі бар желдеткіштің стандартты жұмыс режимі.
 - b) Табиғи Самал - желдеткіштің жылдамдығы автоматты түрде өзгеріп, табиғи самалға еліктейді.
 - c) ECO режим – ECO режимде желдеткіш кестедегі қоршаған ауа температурасына сәйкес жылдамдығын өзгертеді:

Қоршаған ауа температурасы, °C	≤ 22	23~25	26~28	29~31	≥32
Үрлеу жылдамдығы	1	3	5	9	12

- d) Түнгі режим - үрлеу жылдамдығы әр 30 минут сайын ең төменгі деңгейге дейін 1 деңгейге төмендейді.
 - e) AUTO режим - бөлмедегі температура + 23 °C жеткенде, желдеткіш "ECO" жұмыс режимінде автоматты түрде жылдамдықпен қосылады (1-кестеге сәйкес).
 - f) Түнгі жарық – бұл функцияны қосқан кезде желдеткіш артқы жарығын қосып, өз орнын көлденең күйге өзгертеді. Түнгі жарық режимі желдеткіш өшірілген кезде қосылады.
3. Қосымша баптаулар:
 - a) Дыбыссыз режим – құрылғыда дыбысты қосу және өшіру.
 - b) Балалардан қорғау – құрылғы дисплейінен басқаруды бұғаттау.
 - c) 3D әсер – желдеткіш көлденеңінен 60 градусқа бұрылып, тігінен 120 градусқа еңкейіп, 3D үрлейді.
 - d) Кестені орнату.
 - e) Калибрлеу – желдеткіштің қажетті көлбеу режимін орнатуға көмектеседі. Калибрлеу процедурасы қосымшада сипатталған. Калибрлеу желдеткіш өшірулі кезде өткізіледі.
 - f) Қыстыгүні сақтау - маусымнан тыс уақытта батареяның ұзақ қызмет етуіне көмектесетін желдеткіштің терең ұйқы режимі, процедура қолданбада сипатталған. Желдеткіш "қыстыгүні сақтау" режиміне өткенде, үрлеу жылдамдығы 9-ға дейін төмендейді.
 4. Таймерді 1-ден 9-ға дейін орнату.

«БАПТАУЛАР» МӘЗІРІ

5. Жарық қарқындылығы өзгерісін реттеу: 50% және 100%.
6. Еңіс өзгерісі мен желдеткіш бұрылысын реттеу.
7. Желдеткішті 1-ден 24 сағатқа дейін автоматты түрде өшіруді реттеу.



WIFI ҚОСЫЛУЫНА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ

Мәселе	Себебі	Жою тәсілі
Құрылғы WIFI роутерге қосыла алмайды	Қосу процесінде іркіліс орын алады	a) Сіздің аспабыңыз қосымшада қолданылатынына көз жеткізіңіз: қосымшаның басты мәзірінде «Құрылғы қосу» түймесін басыңыз және «Барлық құрылғылар» тізімін ашыңыз;
		b) Сіздің роутеріңіз 2,4 MHz жиілікте жұмыс істейтініне, желі режимі 802.11 b/g/n, желінің атауында орыс әріптері мен қызметтік символдар (%/? және т. б.) жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Роутерді баптау үшін Сіздің роутеріңіздің нұсқаулығын қараңыз;
		c) Сіздің роутеріңіз кіріс қосылуларға қосымша шектеулер (мысалы, тек қана көрсетілген MAC-мекенжайларды қосу) қоймайтынына көз жеткізіңіз. Роутерді баптау үшін Сіздің роутеріңіздің нұсқаулығын қараңыз.
		d) Сізде бағдарламаның соңғы нұсқасы орнатылғанына көз жеткізіңіз;
		e) Алғашқы рет іске қосқанда телефонда VPN және жарнаманы бұғаттаушыларды сөндіріп қойыңыз, егер орнатылған болса. Егер Сізде Iphone болса, баптаулар/Bluetooth мәзіріне кіріңіз және триггерді «сөндірулі» жайғасымға ауыстырып-қосыңыз. Бұған қоса мұны экранда тартылатын «пердеде» емес, дәл баптауларда жасау маңызды болады. Қосқаннан кейін барлық аталған бағдарламалар мен режимдерді қайта іске қосуға болады.
		f) Бағдарламаны телефон жадынан жүктеңіз және тағы бір рет іске қосыңыз: телефондағы ашық қосымшалардың тізімін ашыңыз және Polaris IQHome бағдарламасының іске қосылған терезесін жоғары қарай жылжытыңыз, содан кейін бағдарламаны қайталап іске қосыңыз және қосу процесін қайталаңыз;
		g) Қосымшаға барлық сұраған рұқсаттарды беру қажет.
		h) Аспапты диагностикалау режимін қосыңыз – Тұтынушы нұсқаулығындағы «Қосуды баптау» тарауын қараңыз;
		i) Аспап баптауларын жоюды жүргізіңіз (Reset) - Тұтынушы нұсқаулығындағы «Қосуды баптау» тарауын қараңыз;
Құрылғы WIFI роутерге қосыла алмайды	Қосылу сәтті орындалған, құрал қосымшадағы құралдар тізімінде көрсетілді, алайда оны басқару қолжетімсіз.	Сіздің телефоныңыз WiFi желісіне кері қайта қосылуды орындағанына көз жеткізіңіз. Бұл үшін телефонның WiFi баптаулары тарауын ашыңыз және қажеттілік болғанда Сіздің WiFi желіңізге қолмен қосылыңыз.
	Аспап іске сәтті қосылған, алайда қосымшадағы пәрмендерге әрекет етуін кенет тоқтатқан.	Құралдың бетіне кіріңіз және оң жақ жоғарғы бөлігіндегі жұлдызшаға басыңыз. Содан кейін «Қосылыс диагностикасы» тараудағы диагностикалау диаграммасымен танысыңыз. Желінің қызыл түсті учаскенің қасындағы леп белгісіне басыңыз және интерактивті көмекшінің нұсқауларын қолданыңыз.
Аспап панеліндегі түймелерді басуға аспап әрекет етпейді	Кездейсоқ басудан қорғау функциясы іске қосылған («балалардан қорғаныс»)	Қорғанысты қосымшада, немесе аспаптың панелінен ажыратыңыз

Өзіңіздің мәселеңіздің шешімін таппадыңыз ба?

Қосымша ақпаратпен танысыңыз немесе қолдау қызметімен біздің сайтымыздағы "Ақылды үй" тарауында немесе қосымшадағы «Бейін/көмек(қолдау)» мәзірінен хабарласыңыз.

АСПАПТЫҢ АҚАУЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ

Мәселе	Ықтимал себебі	Проблемаларды жою
Аспап іске қосылмайды	Электр қорегі жоқ	Құрылғы электр қорек желісіне дұрыс қосылғанына, ал розетка ақаусыз екеніне көз жеткізіңіз.
	Қуат беру баусымы зақымдалған	Электр қуаттың алынбалы баусымын ұқсасқа ауыстырыңыз немесе жөндеуді жүргізу үшін ең жақын сервис орталығына жүгініңіз.
	Аккумулятор разрядталған	Желдеткішті электр желісіне қосыңыз және аккумулятор сәл зарядталғанын күтіңіз.



Сіздің құралды пайдалану кезінде өрттің, электрлік токпен зақымдану немесе жарақат алу қаупінің, сонымен қатар оның сынуының алдын алу үшін осы құралмен жұмыс кезіндегі сақтықтың негізгі шараларын, сонымен қатар электр құралдарымен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды сақтаңыз.



Назар аударыңыз! Егер Сіз жоғарыда сипатталған қадамдар көмегімен мәселені өз күшіңізбен шеше алмасаңыз, ең жақын орналасқан POLARIS қызмет көрсету орталығына жүгінуіңізді сұраймыз. Авторландырылған сервистік орталықтардың мекенжайлары Компания сайтында келтірілген: www.polaris.ru

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ

- Желдеткішті тазалауды тек қана электр қуат бауысымы розеткадан ажыратылғанда жүргізіңіз.
- Желдеткіште жиналатын жеңіл шаңды жұмсақ матамен немесе шаң кетіретін щетка түріндегі қондырмасы бар шаңсорғыштың көмегімен жинауға болады. Желдеткіш ішіндегі шаңды шаңсорғышпен ауаны үрлеп шығару режимінде жіңішке саңылауы бар қондырмасы арқылы жинауға болады.
- Желдеткіштің сыртқы беттерін жұмсақ жуғыш құрал мен суға шыланған және мұқият сығылған сәл ылғал матамен мерзімді түрде сүртіп алып отырыңыз. Желдеткішті қосар алдында оны жұмсақ құрғақ матамен сүртіп алыңыз.
- Электр қозғалтқыш блогына жуғыш құралдар мен ылғалдың түсуіне жол бермеңіз.
- Тазалау үшін спрейлер мен органикалық еріткіштерді қолданбаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Желдеткіштің ішіне судың түсуіне жол бермеңіз, өйткені бұл өрттің шығу немесе электр тогынан зақымдану қаупін тудыруы мүмкін.



Желдеткіштің электр қозғалтқышы өндіруші зауытта жинау үдерісінде майланған және желдеткішті пайдаланудың бүкіл мерзімі бойы қосымша майлауды керек етпейді. Желдеткіш пайдаланушысы жүргізетін техникалық қызметтің басқа түрлері керек етілмейді және ұсынылмайды. Желдеткішке жөндеуді мамандырылған шеберханаларда немесе тұрмыстық техникаға қызмет көрсететін орталықтарда жүргізу керек.



Аспапты сөндіріңіз			
Аспапты сөндіріңіз және оны желіден ажыратыңыз	Желдеткіште жиналатын жеңіл шаңды жұмсақ шүберек көмегімен алуға болады	Желдеткіш ішіндегі шаңды шаңсорғышпен ауаны үрлеп шығару режимінде жіңішке саңылауы бар қондырмасы арқылы жинауға болады	Электр қозғалтқыш блогына жуғыш құралдар мен ылғалдың түсуіне жол бермеңіз. Тазалау үшін спрейді пайдаланбаңыз!

САҚТАУ, ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

САҚТАУ

Электр аспаптары плюс 40°C-ден аспайтын қоршаған ауа температурасында, 70%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта, электр аспаптарының материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқыл және басқа булар болмаған кезде, жабық құрғақ және таза үй-жайда сақталады.

ТАСЫМАЛДАУ

Электр аспаптарды нақты түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалдайды. Аспапты тасымалдағанда, зауыттық түпнұсқа қаптаманы пайдаланыңыз.

Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

ӨТКІЗУ

Өткізу ережелері белгіленбеген.

Ескертпе: Электр аспабының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамай, ресми жинау пунктіне кәдеге жаратуға жіберіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің және қолданыстағы санитарлық нормалар мен қағидалардың талаптарына сәйкес кейіннен кәдеге жаратыла отырып, міндетті түрде жиналуға жатады.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

PSF 3315 WIFI IQ Home – POLARIS сауда маркасының едендік желдеткіші

Кернеуі: 110-240 В

Қуатылығы: 50 Вт

Жиілігі: 50-60 Гц

Қорғау сыныбы - II

Аккумуляторы: Li-ion 2600 мАч 22,2 В



Ескертпе: Өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың өзекті нұсқасын Сіз www.polaris.ru сайтынан таба аласыз.

СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бұйым КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі», ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданудағы шектеулер туралы» талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен таңбаланады.

Сертификаттың/ сәйкестік декларациясының нөмірі мен оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе Өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз.



Бұйымның қызмет көрсету мерзімі: 3 жыл
Бұйымға берілетін кепілдік мерзімі: 36 ай
Сақтау мерзімі: өндірілген күнінен бастап 5 жыл

Дайындаушы:

НИНБО ХЭНСФОРТ ОВЕРСИЗ ЭЙША ЛИМИТЕД,

№ 158 Доншан Лю, Хушан Чжидао, Цыси, Чжэцзян Провинциясы, ҚХР

ДЕКОМИН ПЛАСТИКС ПРОДУКТС МАНУФЕКЧКРИНГ ЛТД зауытында,

Чуаньей өндірістік аймағы, Ксинхэ Шецю, Вандзиан, Дуньгуань қаласы, Гуандун провинциясы, Қытай

NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED,

No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC

at factory DECOMIN PLASTICS PRODUCTS MANUFACTURING LTD.

528322, ChuangYe Industrial Zone, Xinhe Shequ, Wanjiang, Dongguan City, Guangdong Province, China

Импорттаушы және Дайындаушының РФ-ғы және Кеден Одағы
импорттаушы және өндірушінің уәкілетті өкілі:

"ЭйДжиАй Электроникс" ЖШҚ, Ресей, 115419, Мәскеу қ.,
Орджоникидзе к-сі, 11-үй, 3-құрылым, 4-қабат, 1 үй-жай, 13-бөлме.

Бірыңғай анықтама қызметінің телефоны: 8 800-700-11-78

Authorized representative of the manufacturer in EU:

JSC "HTV1", Švitrigailos g. 11 A, Vilnius, LT-03228

КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бұйым: Едендік желдеткіш

Модель: PSF 3315 WIFI IQ Home

Осы кепілдік бұйымды сатып алудың расталған күнінен бастап 36 ай бойы әрекет етеді және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Кедендік одақтың мүше мемлекеттерінің Заңына сәйкес бұйымға кепілдік қызмет көрсетілуін білдіреді.

1. Кепілдікті міндеттемелер компания «POLARIS» сауда маркасымен кепілдік қызмет көрсетілетін елдерде шығарылатын барлық модельдерге қолданылады (сатып алған орынға қарамастан).
2. Бұйым тек жеке тұрмыстық қажеттіліктер үшін сатып алынуы тиіс. Бұйым «Пайдалану бойынша нұсқаулыққа» қатаң сәйкестікте қауіпсіздік ережелері мен талаптарын сақтай отырып пайдаланылуы тиіс.
3. Осы кепілдік мыналардың нәтижесінде пайда болған ақаулар мен бұйымның сыртқы өзгеруіне қатысты болмайды:
 - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуі;
 - Бұйымды оның тікелей міндетінен тыс пайдалануында болатын қате пайдаланылуы, сондай-ақ Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы ережелерінің талаптарын бұза отырып, бұйымды орнату және пайдаланудан;
 - Бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдаланудан;
 - Қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі бетінің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған учаскелерінде металл жемірілуінен;
 - Өңдеу бөлшектерінің, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандарының, қоқыс жинағыштардың, белбеулердің, щеткалардың және пайдалану мерзімі шектеулі өзге де бөлшектердің тозуына;
 - Авторландырылған сервистік орталықтар* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар өндірген бұйымды жөндеуіне;
 - Бұйымның тасымалдау кезіндегі, дұрыс пайдаланбау, сондай-ақ бұйымның конструкциясында көзделмеген модификациялармен немесе өз бетінше жөндеумен байланысты зақымдануларына.
5. Егер бұйымда паспорттық сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе ондағы деректер жойылған не түзетілген болса, өндіруші кепілдікті міндеттемелер үшін жауапты болмайды.
6. Осы кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттіліктер үшін жарамды және де коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттар үшін пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.
7. Осы кепілдік өңдеу бөлшектерінің, қондырмалар мен аксессуарлардың, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандардың, қоқыс жинағыштардың, тығыздағыш элементтердің, белдіктердің, щеткалардың пайдалану мерзімі шектеулі басқа бөлшектердің және пайдалану барысында табиғи тозуға бейім бөлшектердің тозуына қолданылмайды.

Назар аударыңыз!! Дайындаушы POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапаны тексеру, кепілдік және кепілдік жөндеу бойынша барлық сұрақтар бойынша жақын жердегі POLARIS қызмет көрсету орталығына немесе сатушыға – POLARIS өкілетті дилеріне хабарласыңыз

POLARIS бұйымдарына кепілдік жөндеуді тек POLARIS авторландырылған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

*Авторланған сервистік орталықтардың мекенжайлары Компанияның сайтында: www.polaris.ru

Кепілдік жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін Сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.

Мұндай құжаттар POLARIS толтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе Сатушының түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар болып табылуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжат ұсынылмаған кезде, кепілдік мерзімі бұйым дайындалған күннен бастап есептеледі.

Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген.

